

Ақтау қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруді белгілеу және төлеуінің нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2008 жылғы 15 қазандағы N 13/127 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінің Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 31 қазанда N 11-1-97 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 44/403 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2011.07.21 № 44/403 шешімімен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңының 6 бабы 1 тармағы 2) тармақшасын, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 581 Заңының 6 бабының 4 тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6 бабы 1 тармақшасы 15) тармақшасын басшылыққа алып, қалалық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Қоса беріліп отырған Ақтау қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруді белгілеу және төлеуінің нұсқаулығы **б е к і т і л с і н .**

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ә.Ванов

міндетін атқарушы

Қалалық мәслихат хатшысының

С.Кутепов

" К Е Л І С І Л Д І " :

"Қалалық білім бөлімі" ММ бастығының міндетін атқарушы

А . Ж ұ м а ғ ұ л

2008 жылы 15 қазан

Ұйымдар өздерінің оқитындары мен тәрбиеленушілері туралы мәліметті әр айдың 5-не дейін Бөлімге тапсырып отырады.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Ұйымдар өздерінің оқитындары мен тәрбиеленушілерінің төмендегі құжаттарының көшірмелерін Бөлімге тапсырулары тиіс:

жеке куәліктің;
СТН;
ЖӘК;
студенттік билеттің;
пластикалық карточканың.

Ұйымдар өздерінің оқитындары мен тәрбиеленушілерінің мағлұматтары өзгерген жағдайда белгіленген нысанға сәйкес ақпаратты уақытылы Бөлімге тапсыруы тиіс.

Ескерту. 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақтау қалалық мәслихатының 2010.12.24 № 38/347 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

7. Ұйым басшылары күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер туралы мәліметтерді ұсынғанда, қол қойып, елтаңбалық мөрмен куәландырады және көрсетілген мәліметтің толықтығына, растығына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігіне жауапты болады.

8. Берілген мәлімет пен құжаттардың көшірмелері бойынша Бөлім алушылардың тізімін тиісті банктерге жинақтап, әр айдың 15-не дейін оқитындар мен тәрбиеленушілердің карт-шотына 520 теңгеден аударып отырады.

9. Күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерге қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру үшін берілген бюджеттік қаражаты мақсатты жұмсалыуына жауапты болып Бөлім саналады.

10. Бөліммен бірге Ұйымдар өздерінің оқитындары мен тәрбиеленушілерінің саны мен төленген қаржы туралы әр айдың 20-на дейін салыстырмалы актісін жасап отырулары тиіс.

Ақтау қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруді белгілеу және төлеуінің нұсқаулығына Қосымша

Ақтау қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындары мен тәрбиеленушілері жөніндегі АҚПАРАТ

N	Оқитынның (тәрбиеленушінің) Т.А.Ә.	Жеке куәліктің N	Жеке куәліктің берілген күні	СТН	ЖӘК	Студенттік билеттің N	Күндізгі оқу бөліміне қабылданған жөніндегі бұйрықтың күні, N	Күндізгі оқу бөлімінен шыққан жөніндегі бұйрықтың күні, N	Банктің атауы (пластикалық карта)	Пластикалық картаның N

М.О. Білім беру ұйымы басшысының Т.А.Ә. және қолы